

НАУҚАСТАРҒА ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ НАУҚАСҚА КҮТІМ ЖАСАЙТЫН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚ ТЕК ҚАНА ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҚ РЕТІНДЕ ҰСЫНЫЛАДЫ. СОЛИКВА® СОЛОСТАР® ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА, АЛДЫМЕН МЕДИЦИНА МАМАНЫНАН СОЛИКВА® СОЛОСТАР® ШПРИЦ-ҚАЛАМЫН ДҰРЫС ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІН АНЫҚТАП, ШПРИЦ-ҚАЛАММЕН БІРГЕ ЖҮРЕТІН ДӘРІЛІК ЗАТТЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТЫ (ҚОСЫМША ПАРАҚ) МҰҚИАТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Сізге оны қайтадан оқып шығу қажет болуы мүмкін.

Атыңызды жазыңыз: _____

Алдын ала толтырылған Соликва® СолоСтар® шприц-қалам бір мезгілде инсулин гларгин мен ликсисенатидті күніне бір рет белгіленген арақатынаста енгізуге мүмкіндік береді.

Соликва® СолоСтар® екі түрлі мөлшерде алдын-ала толтырылған шприц-қалам түрінде шығарылады. Дәрігер тағайындаған шприц-қаламда өзіңізге сәйкес келетін мөлшердегі инсулин бар.

ШПРИЦ-ҚАЛАМ

СОЛИКВА® СОЛОСТАР® 10-40


СОЛИКВА® СОЛОСТАР® 100 ӘБ/МЛ + 50 МКГ/МЛ,
алдын ала толтырылған шприц-қаламдағы теріасты
егуге арналған ерітінді



ШПРИЦ-ҚАЛАМ

СОЛИКВА® СОЛОСТАР® 30-60

СОЛИКВА® СОЛОСТАР® 100 ӘБ/МЛ + 33 МКГ/МЛ,
алдын ала толтырылған шприц-қаламдағы теріасты
егуге арналған ерітінді



- Алдын ала толтырылған шприц-қаламның екі түрі де 100 ӘБ/мл гларгин инсулинінен тұрады.
- Соликва® СолоСтар® (10-40) шприц-қаламы препаратының 10-нан 40 бірлікке дейінгі тәуліктік дозаларын алуға мүмкіндік береді (ішінде инсулин гларгині 100 ӘБ/мл және ликсенатид 50 мкг/мл бар; 5-тен 20 мкг-ге дейінгі дозадағы ликсенатидпен біріктірілген 10-нан 40 ӘБ-не дейінгі инсулин гларгин). Инъекцияға арналған қызыл сары түсті дозатор түймесі бар сары түсті шприц-қалам.
- Соликва® СолоСтар® (30-60) шприц-қаламы препаратының 30-дан 60 бірлікке дейінгі тәуліктік дозаларын алуға мүмкіндік береді (ішінде инсулин гларгині 100 ӘБ/мл және ликсенатид 33 мкг/мл бар; 10-нан 20 мкг-ге дейінгі дозадағы ликсенатидпен біріктірілген 30-дан 60 ӘБ-не дейінгі инсулин гларгин). Инъекцияға арналған қоңыр түсті дозатор түймесі бар зәйтүн түсті шприц-қалам.
- 1 бірлік препараттың құрамында 1 ӘБ инсулин гларгин 100 ӘБ/мл және ликсисенатидтің тиісті мөлшерлемесі бар. Соликва® СолоСтар® препаратын қолданар алдында дәрігерден қабылдау мөлшерлемесін сұраңыз.
- Алдын ала толтырылған қаламның доза индикаторы енгізілетін мөлшерлемені көрсетеді.
- Тағайындамада шприц-қаламның түрі (Соликва® СолоСтар® [10-40] немесе Соликва® СолоСтар® [30-60]), сондай-ақ енгізілетін дәрілік заттың бірлігі көрсетілуі тиіс.
- Қажет жағдайда, фармацевт тағайындамада жоқ ақпаратты дәрігерден анықтап алуы тиіс.

НАУҚАСТАРҒА ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ НАУҚАСҚА КҮТІМ ЖАСАЙТЫН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Соликва® Солостар® препараты алдын-ала толтырылған шприц-қаламда шығарылады және оны тек осы құрылғымен бірге қолдануға болады. Науқастар, науқасқа күтім жасайтын адамдар және денсаулық сақтау мамандары Соликва® Солостар® ерітіндісін алдын-ала толтырылған шприц-қаламның картриджінен ешқашан шығармауы тиіс, кері жағдайда бұл мөлшерлеменің қателігіне және денсаулықтың ауыр зақымдануына әкелуі мүмкін. Әрбір инъекция үшін әрдайым жаңа стерильді инені пайдаланыңыз. Инені қайталап пайдаланбаңыз.
- Соликва® Солостар® препаратының 1 бірлігінде шприц-қаламының кез келген түрінде 1 бірлік инсулин гларгиннің 100 ӘБ/мл бар (Соликва® Солостар® [10-40] немесе Соликва® Солостар® [30-60]).
- Денсаулық сақтау маманы сізге Соликва® Солостар® шприц қаламының құрылымы мен оның ерекшеліктерін, сонымен қатар енгізілетін доза бірліктері қалай көрсетілетінін түсіндіре алады.
- Соликва® Солостар® терапиясына ауысқанда және одан кейінгі апталарда қандағы глюкозаның деңгейін үнемі өлшеп отыру қажет.
- Емдеуге қатысты сұрақтарыңыз болса, дәрігерден кеңес сұрау қажет.

СОЛИКВА® СОЛОСТАР® ЕГУДЕН БҰРЫН

-  Соликва® Солостар® дәрілік заттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты (Қосымша парақ) мұқият оқып шығыңыз.
-  Аталған ұсыныстарды орындамаған жағдайда, егілген дәрінің мөлшерлемесі артық немесе жеткіліксіз болуы мүмкін.

Егер осы дәрілік құралды пайдалану кезінде жағымсыз әсерлер пайда болса, емдеуші дәрігеріңізбен хабарласыңыз.

Барлық жағымсыз әсерлер, сонымен қатар медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілмеген әсерлер пайда болған жағдайда хабарлау қажет.

Сондай-ақ, бұл ақпаратты «Санофи-авентис Казахстан» ЖШС-не 8 800 080 00 22 телефоны немесе Kazakhstan.Pharmacovigilance@sanofi.com электрондық поштасы арқылы беруге болады.